

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ

БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«БВ03107 - Психология» білім беру бағдарламасы

семестр – 6

2025-2026 оқу жылы

Оқытушы: Адилова Э.Т.

«Дифференциалды психология» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы

Емтиханға арналған тақырыптар: оқу жоспарында көрсетілген тақырыптар емтиханға шығарылады. Тақырыптық мазмұн барлық жұмыс түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинарлардың тақырыптары, сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар.

Қорытынды емтихан ЖАЗБАША (офлайн) формада өткізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

- дифференциалды психологияның негізгі ұғымдарын, теорияларын және әдіснамалық негіздерін білу;
- жеке айырмашылықтардың биологиялық, психологиялық және әлеуметтік детерминанттарын білу;
- дифференциалды айырмашылықтарды түсіндірудегі қазіргі ғылыми көзқарастарды білу.
- психодиагностиканың, гендерлік кеңес берудің және терапияның әдіснамалық принциптерін түсіндіреді.
- түрлі жас кезеңдеріндегі дифференциалды сипаттамаларды жіктейді
- дифференциалды айырмашылықтарды және дифференциалды қатынастарды теориясын қолданады
- дифференциалды қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктерін, жанұялардың әртүрлі типтеріндегі қатығыстар мен ажырасулардың себептерін зерттеу үшін психодиагностикалық әдістерді қолданады.
- дифференциалды айырмашылықтарға қатысты ғылыми және тұрмыстық интерпретацияларды ажырату.
- зерттеу әдістері мен дифференциалды психодиагностикасын жіктейді
- шетелдік және орыс психологиясындағы балалар мен ата-аналардың қарым-қатынас теорияларына негізделген жағдайларды әзірлеу және шешу технологияларын қолданады
- дифференциалды терапия қағидалары мен әдістеріне негізделген әлеуметтік-психологиялық тренингтер және / немесе консультациялық-түзету жұмыстары бағдарламаларын құру технологияларын қолданады
- дифференциалды психология саласындағы ғылыми зерттеулердің теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық базасын біріктіреді;
- дифференциалды-психологиялық әлеуметтенудің психодиагностикасын жоспарлайды, ұйымдастырады және жүргізеді.
- алынған деректерді талдайды және түсіндіреді, олардың негізінде диагностика (зерттеу) нәтижелерін көрнекі түрде көрсете отырып, егжей-тегжейлі есеп дайындайды, қорытынды жасайды және ұсыныстар береді.

Емтиханға дайындалу үшін емтихан тақырыптарының тізімі

1. Дифференциалды психологияның пәні, қалыптасу тарихы және психологиялық ғылымдар жүйесіндегі орны
2. Индивидуалдылық ұғымы, оның құрылымы және индивидуалдық айырмашылықтардың детерминанттары
3. Психологиялық норма, вариативтілік және типологиялық тәсілдің қалыптасуы
4. Темперамент және конституционалдық-психофизиологиялық типологиялар
5. Тұлға типологиялары және интеллект дифференциалды-психологиялық талдау нысаны ретінде
6. Интеллект теориялары және когнитивтік стильдер: индивидуалды айырмашылықтардың когнитивтік өлшемі
7. Креативтілік, дарындылық және тұлғаның индивидуалдық айырмашылықтары
8. Тұлғалық қасиеттер, факторлық модельдер және эмоциялық айырмашылықтар
9. Мотивациялық айырмашылықтар және өзін-өзі реттеу: тұлғаның іс-әрекеттік ресурстары
10. Жыныстық, гендерлік және жас ерекшелік айырмашылықтар: дифференциалды-психологиялық талдау
11. Мәдени-этнопсихологиялық және әлеуметтік контекстегі индивидуалдық айырмашылықтар
12. Индивидуалдық айырмашылықтарды зерттеу әдістері және психометриялық негіздер
13. Дифференциалды психологияның білім беру және кәсіби қызметтегі қолданбалы аспектілері
14. Дифференциалды психологияның заманауи бағыттары мен даму перспективалары
15. Дифференциалды психологиядағы тестілеу, деректерді талдау және этикалық мәселелер

Әдебиет:

1. Анастаси А. Дифференциальная психология. — М.: Апрель-Пресс, 2021. — 745 с.
2. Ильин Е.П. Дифференциальная психофизиология мужчины и женщины. — СПб.: Питер, 2022. — 544 с.
3. Кондрашихина О.А. Дифференциальная психология: Учеб. пос. - К.: Центр учебной литературы, 2019. - 232 с.
4. Орманова З.К. Дифференциалды психология: оқулық / З.К. Орманова.- Алматы: New book, 2021 -216 б.

5. Мун М. В., Садықова Н. М. Дифференциалды психология: оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 2017. — 124 б.
6. Марютина Т. М. Дифференциальная психология: учебник для вузов / Т. М. Марютина. — Москва: Издательство Юрайт, 2025. — 515 с.
7. Базылевич Т.Ф. Дифференциальная психология: учебник для вузов — Москва: Издательство Инфра-М, 2024. — 224 с.

Интернет-ресурстар

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <http://www.kspu.ru/upload/documents/2014/01/12/ff47bacf5f6449c0a0abe6f8f7bbfdad/duskazieva-zhg-gendernaya-psihologiya-uchebnoe-posobie.pdf>

ЕМТИХАНҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

Емтихан – жазбаша

Емтихан форматы - офлайн

Тапсырмалар әр студент үшін жеке болады: 3 сұрақ.

Тапсыру күні мен уақыты: қысқы емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады. Тапсырманы орындау уақыты: (2 сағат)

Пән бойынша баға қою критерийлері 1-ші сұрақ 30 баллмен бағаланады, 2 және 3 сұрақтар бойынша 35 балл Сіз, барлығы максимум 100 ұпай жинай аласыз.

Емтихан жұмыстарын бағалау білім алушының жауабының толықтығын ескере отырып, 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі:

Сұрақ	Критерий / балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 (27-30)	70-89 (23-26)	50-69 (18-22)	25-49 (7-17)	0-25 (0-7)
1-сұрақ 30 балл	Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Өте жақсы баға сұрақтың толық ашылуын (алынған білім шегінде), әрбір тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелденуін, логикалық әрі дәйекті құрылуын, сондай-ақ аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың нақты мысалдарымен расталуын қамтитын жауап үшін қойылады.	Жауап толық, алайда ұсынылған кейбір сұрақтар бойынша мәселелердің толық ашылмауын қамтиды. Мұндай жауапта негізгі ережелер қысқартылған, үстірт дәлелдермен ғана негізделеді, баяндау композициясында диспропорциялар байқалады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігі бұзылады. Сонымен қатар жауапта теориялық ережелерді жеткізуде стилистикалық және аудиториялық қателіктерге жол берілуі, сабақтарда әзірленген терминдер мен дұрыс конспекттердің қолданылмауы мүмкін	Жауапта негізгі ережелер аталғанымен, олардың өзара байланысы жеткілікті деңгейде көрсетілмейді, дәлелдер үстірт сипатта болып, қорытындылар әлсіз тұжырымдалады. Материалды баяндауда логикалық және құрылымдық дәйектілік жиі сақталмайды, аудиториялық сабақтарда қарастырылған мысалдар сирек немесе формалды түрде ғана қолданылады, терминологиялық және стилистикалық қателіктердің болуы мүмкін.	Қанағаттанарлықсыз баға сұрақтардың мазмұны ашылмағанын немесе елеулі түрде бұрмаланғанын көрсетеді. Жауапта негізгі ұғымдар мен теориялық ережелер дұрыс берілмейді, себеп-салдарлық байланыстар көрсетілмейді, дәлелдер мен қорытындылар жок немесе логикалық тұрғыдан негізделмеген.	Материалды баяндау жүйесіз, құрылымсыз сипатта болады, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптармен байланыс орнатылмайды, ғылыми терминология дұрыс қолданылмайды немесе мүлде қолданылмайды, айқын методологиялық және стилистикалық қателіктерге жол беріледі.

Сұрақ	Критерий / балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 (30-35)	70-89 (23-29)	50-69 (18-22)	25-49 (7-17)	0-25 (0-7)
2-сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға толық әрі дәл қолдана алады; әдістемелік кадамдар саналы түрде негізделіп, олардың мақсатқа сәйкестігі көрсетіледі; практика барысында алынған нәтижелер талданып, себеп-салдарлық байланыстар айқын ашылады, шешімдер аудиториялық сабақтарда меңгерілген теориямен және нақты мысалдармен дәйекті түрде дәлелденеді.	таңдалған әдістеме мен технологияны практикалық тапсырмаларға негізінен дұрыс қолданады, алайда жекелеген кезеңдердің негіздемесі толық емес немесе талдау тереңдігі жеткіліксіз; нәтижелер сипатталады, бірақ олардың теориялық тұғырлармен байланысы барлық жағдайда жүйелі түрде ашылмайды.	әдістеме мен технологияны практикада қолдануға талпыныс жасалғанымен, қолдану формалды сипатта болады; тапсырмалардың орындалуында қателіктер кездеседі, әдістемелік логика толық сақталмайды, алынған нәтижелерді талдау үстірт және дәлелсіз беріледі.	таңдалған әдістеме мен технология практикалық тапсырмаларға қолданылмайды немесе қате қолданылады; әдістемелік талаптар сақталмайды.	тапсырмалардың орындалуы мақсатқа сәйкес келмейді, алынған нәтижелер талданбайды және теориялық негіздеме берілмейді
Сұрақ	Критерий / балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 (30-35)	70-89 (23-29)	50-69 (18-22)	25-49 (7-17)	0-25 (0-7)
3-сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға толық әрі дәл сәйкестігі көрсетіледі; қолдану логикасы кезең-кезеңімен талданып, әрбір әдістемелік шешімнің негіздемесі беріледі; алынған нәтиже теориялық қағидалармен және аудиториялық сабақтарда қарастырылған үлгілермен байланыстырыла отырып, жан-жақты және дәйекті түрде дәлелденеді.	әдістеме практикалық тапсырмаға жалпы дұрыс қолданылған, алайда жекелеген кадамдардың негіздемесі толық ашылмайды; талдау бар, бірақ оның тереңдігі жеткіліксіз; алынған нәтиженің теориялық және практикалық негіздемесі ішінара сипатталады.	әдістемені практикалық тапсырмаға қолдану формалды сипатта болады; талдау үстірт нәтиженің негіздемесі жеткіліксіз немесе жүйесіз беріледі; әдістемелік логикада қателіктер мен олқылықтар кездеседі.	таңдалған әдістеме ұсынылған практикалық тапсырмаға сәйкес келмейді немесе қате қолданылған; талдау жүргізілмейді не мазмұндық тұрғыдан негізделмейді.	алынған нәтиже дәлелденбейді және теориялық негіздемемен байланыстырылмайды.